ҰЛАН

28 қараша 2023 жыл
№48
(8826)

Газет 1930 жылдың 14 наурызынан шыға бастады

Балалар мен жасөспірімдердің республикалық газеті

ЕЛДАР АШЫҚ СУДА ЖҮЗУДЕН ЧЕМПИОН



Жүзден жүйрік

Елдар Шекербек досы Ислам Гаджиевпен бірге БАӘ-дегі Парсы шығанағы акваториясында өткен халықаралық жарыста 10 шақырым қашықтықта жүзіп, бір күміс және екі қола медаль жеңіп алды.

Жарысқа әлемнің 28 елінен үш мыңнан астам спортшы қатысыпты. Елдар 3500 метр қашықтықта oceanteams man ерлер арасындағы эстафетада күміс алса, 20–29 жас арасында profi санатында 10 шақырым қашықтықта ашық суда жүзуден қола жүлдеге ие болды. Ең бастысы, әлем чемпионатына жолдама алды. Чемпионат желтоқсан айында Таиландтағы ашық су айдындарында, Пхукет аралында кәсіби жүзушілер арасында өтеді.

«Жүзуді 11 жасымнан бастадым. Су деген ерекше әлем ғой. Кейін триатлонмен кәсіби түрде айналыстым. Қазір ашық суда жүземін. Жаттықтырушым Лина Александровна жүзуді үйретті. Қазіргі жаттықтырушым – Руслан Дакибаев.

Көптеген республикалық жарысқа, сондай-ақ халықаралық жарыстарға қатыстым. Еуропа кубогы, Азия чемпионаты да сол қатарда», – дейді чемпион.

Украинаның Днепр қаласында триатлоннан жасөспірімдер арасында Еуропа кубогының Dnipro Triathlon Fest 2021 жарысы өтеді. Беделді жарысқа Almaty Triathlon Federation құрамасының спортшылары алғаш рет қатысады. Елдармен бірге Егор Крупяков, Ислам Гаджиев, Данил Породнов бар. Жасөспірімдер арасындағы жарыс Sprint арақашықтығында өтеді. Жүзу – 750 метр, велокезең – 20 шақырым, жүгіру – 5 шақырым. Венгрия, Латвия, Польша, Түркия және Украина спортшылары қатысады. Елдар Еуропаның үздік 20 юниоры қатарына он төртінші болып кіреді.

«Ашық суда жүзудің бассейнде жүзуден ерекшелігі және өзіндік ережесі бар. Судың температурасы 18-19 градустан төмен болмайды. Ауа температурасы – 20-25 градус. Тынық ауа райы және ашық аспан. Ашық суда осындай тылсым табиғат кездеседі.

Эстафетада командамызбен 3-орын алдық. Бұл қарапайым жарыс емес. Старт 15:00-де басталып, үлкен толқын көтерілді. Команда бұған дайын болмады. Бәсекелестер де күшті болды. Ауа райын ескере отырып, алтын үшін күрестік.

Ашық суда жүзу – олимпиадалық спорт түрі. Кәсіби жүзумен айналысқанда, әрине, оған жетудің барлық мүмкіндігі бар.

Дубайдағы старт өзінше маңызды болды. Өйткені, 10 шақырымға алғаш рет жүздім. 2 сағат 34 минутта жүріп өттім. Бірінші ретке жаман емес, әрі қарай жұмыс істеу керек. 30 градустық жылы әрі өте тұзды су кедергі келтірді. Десе де, жарыс жақсы өтті. Сан түрлі балық, медузалар көрдім.

Дайындығы мықты спортшы болса да жарыс өте қиын. Жаттықтырушының бақылауымен дұрыс дайындау керек», – дейді Елдар.

Елдар Астананың 25 жылдығына орай Қапшағай су қоймасында өткен халықаралық Oceanman Kazakhstan – 2023 ашық суда жүзу жарысында жеңімпаз болған. Әлемнің 20 елінен 7 жастан 70 жасқа дейінгі және одан жоғары сегіз санаттағы жүзуші спортшылар қатысқан. Елдармен Италия, АҚШ, Қатар, Испания, Германиядан келген көптеген спортшы таныс. Былтыр Азия чемпионы атанғанда қарсыластар танып қалған. Әлемнің 36 елінен келген 1200 спортшының ішінен 1 сағат 10 минутта ашық теңізде бес шақырым жүзіп өткен.

Г.ЗЕЙНУЛЛИНА

«Ұлан»–ақпарат

«ҰЛАН» ГАЗЕТІ QBIS ШАҢЫРАҒЫНДА

Алаш көсемі, қазақ тіл білімінің негізін қалаушы Ахмет Байтұрсынұлы: «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек», – деген. Қазір де бұл сөз маңызын жойған жоқ.

Газет пен жасөспірімдер арасындағы ынтымақты нығайту, байланысты барынша күшейту мақсатында Қаскелең қаласында орналасқан Қазақ-Британ Халықаралық (Ғылым&Инновация) мектебіне республикалық «Ұлан» газетін шақырдық. Іргесі биыл қаланып, оқу үрдісін биылғы жылмен бастаған бұл мектептің басты мақсаты да оқушылардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру еді. Үш ай көлемінде жүргізіліп жатқан іс-шаралардың барлығы да оқушылардың рухани бай әлеуетін қалыптастыру, ұлттық құндылықтарға бейімдеу және білім мен тәртіпті орнықтыру шартына негізделіп жатыр.

Қаншама қазақ журналистикасының майталманына жол ашқан, тарихы терең «Ұлан» газетінің ерекшелігін оқушыларға түсіндіре отырып, жазуға икемі бар балаларға бағыт сілтеу – біздің басты ұстанымымыз. Сондықтан кездесу барысында оқушыларымыз келген қонақтарға сауалдарын қойып, алдағы уақытта «Ұланмен» дос болуға уәделесті. «Ұлан» газетінің ұжымы оқушыларға газеттің бағытын таныстырып, газет бетіндегі жаңа айдарлардың сырын түсіндіріп, мүмкіндіктері туралы мол мағлұмат берді. «Ұланмен» дос болғысы келетін әрбір жанды құшақ жая қарсы алатынын да жасырмады.

Талшын ҚАНАТҚЫЗЫ,
Қазақ-Британ Халықаралық (Ғылым&Инновация) мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Қаскелең қаласы

МЕН НЕГЕ ЖУРНАЛИСТ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ?

Неге журналистика саласын таңдадым? Журналист болудағы басты мақсатым – әлеуметтің әлеуетін арттырып, қоғамға пайда әкелу. Қоғамға қалай пайдамды тигізе алатыныма тоқталайын. Мысалы, көпбалалы отбасыларға көмек беру. «Өтемістен туған он едік, онымыз атқа мінгенде, жер қайысқан қол едік» демекші, өзім де көпбалалы отбасынан шыққан баламын. Осы сұраққа байланысты екі мысалым бар:

1) Материалдық жағдайын жақсарту;
2) Отбасының асыраушысына тұрақты жұмыс тауып беру.

Журналистика саласында арман-мақсатым өте көп. Соның бірі – көптен бері ойымда жүрген «Ел айтса» атты ток-шоуым. Жобаны құру, жобамен жұмыс істеу асқақ арманыма айналды осы күні.

Неге «Ел айтса» деп атадым? Себебі, бұқараның базынасын тыңдап, күрмек жіптей күрмелген мәселені шешуді көздеймін. Тілшілік тіршілігімде жақсылыққа ауыздық болуды мақсат еттім. Қазақтың Бейсен Құранбегіндей қоғам жанашыры болуды армандаймын.

Жәнібек ЕМБЕРГЕН,
Қарабұлақ орта мектебінің 11 «А» сынып оқушысы
Жетісу облысы
Ескелді ауданы

КІЛ ЖҮЙРІКТЕ КІМ ЖҮЙРІК ШЫҚТЫ?

21 қараша күні Абай атындағы РММИ-де жалпы білім беру ұйымдары арасындағы V Республикалық «Ділмар» шешендік өнер сайысы өтті. Сөз бастап дүйім жұртты өзіне қаратқан озық ойлы оқушылар бар білетінін шаршы топта ортаға салды. Ұлттық рухани мұрамызды ұлықтау, аталы сөз бен ана тіліміздің абыройын асқақтатып, қоғамдағы және қолданыстағы мән-маңызын арттыру мақсатында ұйымдастырылатын бұл сайысқа еліміздің 12 облысы, үш мегаполисі мен Назарбаев зияткерлік мектебінен 22 оқушы қатысты. 2018 жылдан бері ұйымдастырылып келе жатқан байқаудың беделі мен берері жылдан-жылға артып, талаптары қатайып келеді. Биылғы байқаудың басты ерекшелігі: қатысушы тақырыпты сайыс үстінде жеребемен алып, белгіленген шарттар бойынша түйінін тарқатты. Бұл арқылы оқушылардың жан-жақты білімі, ақыл-парасаты, тәрбиесі мен тәжірибесі, ең маңыздысы, ой ұшқырлығы, көркем де жүйелі сөйлеу шеберлігі сынға түсті. Қазылар алқасы әр қатысушыға әділ баға беріп, нақты ұсыныс-пікір айтты. Қатысушылар ғана емес, тыңдарман да тағылымы мол ғибратты өнеге алды. Байқау қорытындысы бойынша 8 оқушыға жүлделі орын және 4 оқушыға арнайы жүлде табысталды.

Арнайы жүлде (20 000 теңге) иегерлері: Нұрай Шайқыбекова (Павлодар облысы), Әсел Ауғанбай (Маңғыстау облысы), Ақерке Нұржанқызы (Алматы облысы), Әйгерім Қайрат (Абай атындаты РММИ).

III орын (40 000 теңге) иегерлері: Жанболат Абдихай (Шымкент қаласы), Абай Нұбарақұлы (Алматы облысы), Әсия Оңдасынқызы (Ақтөбе облысы), Ақбота Асқарқызы (Жамбыл облысы).

II орын (70 000 теңге) иегерлері: Аяулым Жапас (Абай атындағы РММИ), Бекарыс Үмбетқали (Батыс Қазақстан облысы).

I орын (100 000 теңге) иегері: Үммігүлсім Жабағиева (Семей қаласы, Назарбаев зияткерлік мектебі).

Республикалық «Ділмар» шешендік өнерді дамыту клубынын мүшесі, «Аягөз – ділмар» үйірмесінің жетекшісі, Аягөздегі №10 гимназияның 10-сынып оқушысы Әли Түрсәлім бас жүлдені иеленіп, арнайы кубок пен 150 000 теңге ақшалай сыйақыны жеңіп алды.

Қалған қатысушыларға сертификаттар мен кітаптар тарту етілді.

Сөз додасының не екенін енді түсінген оқушылар алдағы уақытта мол ізденісте болып, діттеген мақсатына жетеді деген сенімдемін. «Естілердің сөзін ескерген кісі өзі де есті болады» деп Абай атамыз айтпақшы, сайыста айтылған ескертулерді ескеріп жүретін бала ел алдында елеулі болары хақ.

Ақерке ЕРБОЛАТҚЫЗЫ,
«Ділмар» шешендік өнер клубының мүшесі,
Абай атындағы РММИ-дің оқушысы

Ойласу

Алмат ЖАҚСЫЛЫҚ,
№26 Мұстафа Шоқай атындағы мектептің 10-сынып оқушысы
Жетісай қаласы

ҰБТ-ға 10-сыныптан бастап дайындал

ҰБТ – біздің білім деңгейімізді сынайтын тест. ҰБТ тапсыру арқылы қалаған мамандығымызға түсіп, болашақ маман иесі атанамыз. ҰБТ туралы толыққанды ақпаратпен 11-сыныпта таныспай, 10-сыныптан бастап ізденген дұрыс.

10-сыныптан бастап дайындалсаң, грантқа түсу мүмкіндігің де өте жоғары болады. Біздің мектептің 2023 жылғы түлегінің бірі 134 балл еншіледі. Ол қыз ҰБТ-ға 9-сыныптан бастап дайындалып, грант иегері атанды. Бұның бәрі еңбектің, ізденістің арқасы.

ҰБТ, бейіндік пәндер туралы ақпаратты толығырақ тест орталығының сайтынан білуге болады. Әлеуметтік желіге өзің түсінбеген ақпаратты жазсаң болды, барлық ақпарат шыға келеді. Тек керек ақпараттың үстін басып, мұқият тыңдасаң болғаны. ҰБТ-ға дайындықты ерте бастасаң, курстарға қатысып көр. Курсқа қатыссаң, тәртіп сақтайсың. Барлығы өз уақытымен, куратордың қадағалауымен болады.

Курс болмаса, өзің қазірден дайындықты бастай бер. «Курспен дайындалсам ғана грантқа түсем» деп қате ойлама. Курсқа қатысқан адам да грант иегері атанбай қалуы мүмкін. Жалпы, бұл өмірде барлығы мүмкін. Ата-анамның қаражатын бекерге шашпай-ақ қояйын десең, мектеп оқулықтарымен дайындала бер.

ҰБТ-ның сұрақтары ауадан, жердің астынан алынбайды. Барлығы біздің мектепте оқып жүрген кітаптарымызда тұр. Ең бастысы, оқу керек.

Мен қазір 10-сынып оқушысымын. ҰБТ-ға дайындалып жүрмін. Әрине, мектеп оқулықтарымен. Болашағым жарқын болуы үшін екі жыл оқып дайындалсам, өзім қалаған мамандығыма оқуға түсемін. Бұл үшін уақыт қажет. Әр істің нәтижесі өзінің уақытында болады. Ал, досым, сен қазірден бастап дайындықты баста.

Оқыған адам ешқашан жерде қалмайды. Қаншалықты жаттанды болса да, осы сөзді әрдайым жадыңда ұста. Мотивациялық нақыл сөз ретінде ұстансаң да болады.

Сенің замандасың

ТОҒЫЗ ЖАСАР ЖАЗУШЫ

Астана қаласындағы Қаныш Сәтбаев атындағы «Binom» мектебінің 4-сынып оқушысы Жәмила Медер алғашқы кітабын жарыққа шығарды. Кітабы «Менің қызықты саяхаттарым» деп аталады. Кішкентай жазушының кітабынан үзінді оқып, шынымен де қызықтым әрі авторымен сұхбаттасқым келді.

– Оқығанды жақсы көремін. Содан бір күні адамдар кітапты қалай жазады екен деп ойлай бастадым. Сол сұрақтың жауабын анаммен бірге іздедім. Менің де кітап жазуға құлшынысым ашылғандықтан, анам маған күнделік ретінде болған оқиғаларды жазып отыруға кеңес берді. Шамамен төрт айға жуық уақыт кітабымды жаздым. Маған жаз мезгілінде толық бір күнді тек кітап жазуға арнау қиынға соқты. Өйткені жазғы демалыста басқа балалар секілді демалғым келді. Достарымен ойнап, уақытымды көңілді өткізгім келді. Ал анам сондай кезде маған мотивация мен шабыт беретін. Күн сайын кітап жазуға құлшынысым бола бермейтін. Сондай кезде анам көмекке келетін. Анама айтып отырамын, ол жазып отыратын.

Кітап жазар алдында белгілі бір жоспар мен мақсат болған жоқ. Өзімнің бастан кешкен оқиғаларымды баяндап жаздым. Кітабым екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде саяхаттарымнан алған әсерлерім баяндалса, екінші бөлімі жаратылыстану бағытында. Бірінші бөлімінде театрға алғаш барған кездегі әсерімді жазғанмын. Менің көзіммен басқа болды. Ал анамның көзқарасымен басқаша болды. Бала көзқараспен сол қойылым қалай болғанын жаздым. Мен үлкендер байқай бермейтін әрекеттерге ерекше мән бердім...

Ал екінші бөлімі – ойларыма саяхат. Ол бөлімді жазғанда кей ақпараттарды энциклопедияларға сүйеніп, өз түсінігіммен жаздым. «Пияз аршығанда неге көз ашиды?», «Жаңбыр қалай жуады?» деген тақырыптар қамтылған. Оған қоса, «Домалақ пен найзағай» туралы жазғанмын. Бірақ олар өз қатарластарыма түсініксіздеу болады деп, редактор алып тастады. Айтпақшы, «Математика неге керек?» деген тақырыпта ізденіп, кітабыма енгіздім. Маған математика ұнамайтын. Сөйтсем, барлық салаға математика қажет екен.

Болашақта өзімді белгілі бір мамандық иесі ретінде көрмеймін. Әркез ойым өзгеріп отырады. Жазу қабілетімді әрмен қарай дамыту мақсатында кітабымның жалғасын жазып жатырмын. Болашақта үлкен кітап қылып шығарғым келеді. Оны жазудағы мақсатым – өзгелер секілді кітапты сатудан пайда табу емес. Өзімнің балалық шағымдағы тәтті естелігімнің бірі ретінде қалғанын қаладым әрі осы бастамамды анам қолдады. Оған қоса, басқа балаларға үлгі болу үшін жаздым. Біздің миымызда бір шектеулер бар ғой... Менімен жасты балалардың қолынан кітап жазу келетінін көрсеткім келді.

Сыныптастарым кітабымның алғашқы оқырманы болды. Оларға кітабым қатты ұнаған көрінеді. Алдағы уақытта кітабымды үлкен аудиторияға ұсыну ойымда бар.

Балаларға арналған қызықты әңгімелер жинағын шығарғым келеді. Мұндай форматтағы кітапты

ағылшын, орыс тілінде таба аламыз. Ал қазақша жоқ. Менің оқығым келетіні – сондай кітаптар. Енді осыны өзім қолға алып, дамытамын деп шештім.

Менің кітап оқуыма екі ағамның үлесі көп. Үйімізде кітап сөрелерінде әртүрлі жанрдағы кітаптар толып тұратын. Ағаларымның үнемі оқып отыратынын көргендіктен, «кітапта соншама не қызық бар?» деп, мен де оқи бастадым.

Кітабымның жалғасы ауылдағы саяхатым туралы болмақ. Қалада өскен балаға ауылдағы тіршілік қызық деп ойлаймын. Өзіме құрт жасап, көрпе тіккенді көру өте қызық болды. Сол жөнінде жаздым.

Балалар арасындағы достық туралы да сөз қозғаймын. Бірде өте жақын досымнан ренжісіп қалдым. Бір-бірімізбен амандаспай жүрдік. Ол туралы анама айттым. Анам маған: «Араларыңдағы мәселені өздерің шешіңдер. Қазір мен мектепке барсам, оның да анасын шақыртып, дауға айналып кетеді. Өзің достасқаның жақсы», – деп тәтті беріп, «достас» деді. Солай келесі күні барып, досыма анамның берген тәттісін беріп, достастым. Балаларға осылай да болады дегенді жеткізгім келеді, – дейді Жәмила.

Аяулым ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ұланның» жас тілшісі,
ЕҰУ-дың 1-курс студенті

ЖАС АЛАШТАНУШЫ ҚАРАҚАТ

Алматы қаласында заманауи қазақ интеллигенциясының Unknownkazak.talk жиыны өтті. Онда алаштанушы Елдос Тоқтарбайдың шәкірті Қарақат Сағынышқызы көптің көңілінен орын алып, ғылыммен айналысу жасқа байланысты емес екенін дәлелдеді. Қазір Қарақат Әлихан Бөкейхан атындағы Алаш ғылыми-зерттеу институтының кіші қызметкері. Алматы қаласындағы №210 мектеп-лицейдің 10-сынып оқушысы. Мектеп жасында Алаш қайраткерлерінің өміріне, еңбек жолына қызығып, тұлғалар туралы зерттеу жүргізген. Жақында сол еңбегі жарық көрмекші. Жас алаштанушы бұл тақырыпқа қалай келгенін, қазір нені зерттеп жүргенін баяндап берді:

– Менің тарихқа қызығуымды арттырған 8-сыныпта қазақ әдебиеті пәнінен берген ұстазым Гүлзат Битөреқызы болды. Үнемі сабақ барысында Алаш зиялылары туралы айтып отыратын. Ұстаздың әр ақпараты қызығушылығымды арттырып, Алаш тұлғаларын болашақ ұрпаққа таныту мақсатында жоба қорғап, ұмыт болған есімдерді жаңғыртсам деген ұсыныс тастадым. Сол сәттен бастап, Алаш қайраткерлері туралы түрлі жоба қорғауды бастап кеттім. Зерттеу кезінде жаңа адамдармен таныстым. Соның ішіндегі мен үшін ең маңыздысы «Qyr balasy» қоғамдық қоры болды деп есептеймін. Бұл – жаңа идеялар мен жалынды жастардың тоғысқан жері. Қордың мүшелігіне қосылу арқылы өзім секілді Алаш тарихына қызығатын адамдарды кезіктірдім. Қазір қоғамдық қордың ең жас мүшесімін.

Төте жазу және алғашқы зерттеулер

Біздің қорда ескі жазуды үйрететін академиялық курстар өтеді. Ескіше жазу курсына қатысып, араб графикасына негізделген қазақ жазуын толық меңгеріп, жақсы деңгейде аяқтадым. Ескі жазуды меңгеру басында қиындық туғызды. Алайда алдағы ғылыми жобаларымда еңбектердің барлығы араб графикасына негізделген қаріпте жазылғандықтан, іздеу барысы қиындық тудырмас үшін, меңгеру маңызды болды. Оның барлығына шыдам мен төзім керек. Ұстазымыздың іскерлігі мен ерен еңбегінің арқасында архив құжаттары мен кітаптардың түпнұсқасын өзім оқып, аударуға қол жеткіздім.

Алғашқы зерттеу жұмысымды 9-сыныпта бастадым. Алғашқы суретті әріп арқылы танытуға арналған әліппенің авторы, ақын, журналист, мұғалім Кенжеғали Ғабдуллин деген Алаш қайраткерін зерттеп, «Дарын» ғылыми жобалар сайысының республикалық кезеңінде күміс медаль жеңіп алған болатынмын. 2023 жылдан бастап қор мүшелігіне кіргеннен соң, есімі ұмытылған тұлғалар қатарындағы Елеусін Бұйринді зерттеуді қолға алдым. Үш ай демалысымда ҚР Ұлттық кітапханасынан, сирек қордан, мұрағаттардан мәліметтерді тауып, араб графикасына негізделген қазақ жазуынан (төте жазудан) аудардым, қазір соны жинақтап жатырмын. Жақын арада кітап басып шығарылғаннан соң, авторлық құқық алу ойда бар.

Ғылыми зерттеу жүргізу жасқа қарамайды

Менің зерттеуге қызығуым еш қиындық туғызған жоқ. Ғылыми зерттеу жүргізу жасқа бөлінбейді деп есептеймін. Әрбір іс ауыр еңбектің арқасында жемісті нәтиже береді. Әрі жанымда қолдаушыларым барда маған ештеңе қиын емес. Ғылыми зерттеу жұмысымды жүргізген уақытта да, өмірде де ұстазым мен анам маған әрдайым көмек қолын созуға дайын. Ол кісілердің менің зерттеу жобамда атқарған еңбегі зор. Қазіргі жетістігімнің көбі сол кісілердің арқасы.

Қазіргі біз секілді жастар кез келген істе шыдамды болуы керек. Мойымау керек. Білімді болу қажет. Алаш қайраткерлері ақысыз-пұлсыз адал қызмет етті. Біз де солай ұлтымызға ақысыз-пұлсыз қызмет етейік. Өткенді ұмыттыратын да, еске салатын да – тарих. Өз тарихымызды тану жолында бірге қызмет етейік. Барлығы жас ұрпақтың қолында.

Гүлбану САҒИҒАЛИЕВА
Алматы қаласы

FinGramota
Халықтың қаржы сауатын арттыру

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕРТЕГІ

Асан мен Үсеннің басынан кешкендері немесе ақша туралы хикая

7-тарау

Отбасылық альбомды парақтай отырып, Ирма Тілегенқызы балалық шағында өзінің соншалықты тынымсыз, тентек болғанын есіне алды.

– Бала кезімде үйдің төбесіне шығып, ағаштың бұтақтарына өрмелеуші едім, бүкіл аула болып неше түрлі ойын ойнайтынбыз. Қыста баллонмен сырғанаймыз. Неткен қызықты кез еді, шіркін. Ал қазір ондай ерлік жасауға батылым бармас еді...

Осы сәтте Асан жұлып алғандай:

– Әке, жотадан баллонмен сырғанау маусымын қашан бастаймыз? – деді.

Қысты жақсы көретін Асан оның келуін асыға күтеді. Ол бауырына қарағанда шаңғымен, конькимен, шанамен сырғанағанды ұнататын.

– Еске салғаныңа рақмет, балам, – деп Ирма Тілегенқызы екі қолын сарт еткізді де, күйеуіне бұрылды. – Жарқын, біз балаларды сақтандыру полисін рәсімдеуді сонау жазда жоспарлаған едік қой.

Ұлдар бір-біріне таңдана жалт қарады:

– Бізді сақтандырудың керегі не? Сақтандыру деген не өзі?

Жарқын Арманұлы түсіндіре бастады:

– Бұл сақтандыру компаниясымен арнайы келісім. Ол адамдарды және олардың мүлкін түрлі қауіп-қатерден қорғайды. Соның ішінде балаларды да жарақаттан, белгілі бір аурулардан, тіпті жануарлардың, жыландар мен жәндіктердің шағуынан сақтандыруға болады.

Бұған аң-таң болған Асан енді:

– Сонда шыбын-шіркейден де сақтандыруға бола ма? Сақтандыру компаниясымен келісім жасайсың, ол сені қансорғыштардан қориды, тамаша емес пе! – деп мәз болды.

– Біздің шыбын-шіркейлер ештеңе емес қой, ал кейбір елдерде жергілікті масалар тарататын өте қауіпті ауру – безгектен шынымен де сақтандыруға болады. Безгекті емдеу қиын әрі қымбат.

– Егер экстримге әуесқойлардың біреуі күтпеген жерден төтенше жағдайға тап болса, сақтандыру полисіміздің көмегі тиер еді, – деп анасы ұлы мен күйеуіне зер сала қарады.

Жарқын Арманұлы мына сөзді естімегендей кейіп танытты, ал Асан күмілжіп қалды.

– Иә, оныңыз рас.

Өткен жылы қыста әкесі екеуі жотада сырғанақ теуіп жүргенде, оны қайдан заулап шыққаны белгісіз бір шаңғышы қағып кеткен. Соның кесірінен сол қолы сынды. Оң қолы сау болғандықтан, оны ешкім мектептен босатқан жоқ: үй тапсырмасын орындап, сабақта жауап беруге тура келді.

– Мен енді абай боламын, – деп уәде берді Асан.

Анасы басын шайқады:

– Ұлым, болған оқиғаға сен де, әкең де кінәлі емессіңдер.

Барлығын алдын ала болжау мүмкін емес қой, сондықтан сақтанып жүрген жөн әрі ақша жинап қойған дұрыс.

– Сонда не, сақтандырудың шынымен пайдасы бар ма? – Үсеннің көбірек білгісі келіп барады. – Банкте немесе сақтандыру компаниясында жатқан ақша жарақат пен аурудан қалай қорғайды?

Анасы жайлап түсіндірді:

– Егер келісімшартта алдын ала белгіленген жағдайға ұшырап қалсаң, мысалы, қолың сынса, сақтандыру компаниясы өтемақы төлейді, бұл – емделуге арналған ақша немесе түрлі қызметті алу мүмкіндігі. Айтпақшы, сақтандыру төлемі сақтандыру жарнасынан әлдеқайда көбірек.

– Бізде медицина тегін емес пе! – деп саңқ етті Асан.

– Иә, рас. Саған балалар ауруханасында тегін көмек берді.

Бірақ оңалту үшін ақша төледік, – деп еске салды анасы, – ол аз ақша емес!

– Балаларды кез келген жаста сақтандыруға болады және нақты мақсатты ескере отырып, өзіміз белгілеген мерзімге келісім жасай аламыз, – әкесі телефонындағы қойын дәптерді ашып, ұлдарына қарады.

– Сонымен, сақтандыруды рәсімдейміз бе, жоқ па? Сақтандырудың бірнеше түрі бар: «Өмірді және денсаулықты сақтандыру» және «Жинақтаушы сақтандыру». Соңғысы нақты мақсатпен рәсімделеді, оның ішінде белгілі бір жасқа жеткенге дейін жинақтауға болады, сақтандырудың бұл түрі банктегі депозитке ұқсас. Бұл – ұзақ мерзімді инвестиция. Шотқа тұрақты түрде қанша ақша салу керектігін сақтандыру компаниясы есептеп береді. Сақтандыру оқиғасы болған жағдайда, мысалы, біреу жарақат алса немесе ауырса, сақтандыру компаниясы шарттың талаптарына сәйкес соманы төлейді. Ал егер анаң екеуміз дәлелді себептермен жарна төлей алмасақ, сақтандыру компаниясы бұл мәселені шешуге көмектеседі.

Ұлдар ойланып қалды.

– «Сақтансаң сақтаймын» деген ғой, – деп Асан өз ойын айтты. – Жағдай қалай болатынын кім біледі.

– Керемет шешім! – Әкесі риза болып қалды.

Үсеннің сұрағы таусылар емес:

– Егер ешқандай оқиғаға ұшырамасақ ше? Ақшаны алмаймыз ба?

Жарқын Арманұлы ұлының аптығын басты:

– Сақтандыру оқиғасы болмаса, бұған дейін салынған ақша сақтандыру компаниясында қалады. Бірақ олар дивидендпен бірге келісімшарт аяқталған соң төленеді. Ең бастысы, сенімді компания таңдау және барлық нюансты қамтитын шарт жасау керек.

Олар осы шешімге тоқтады.

* * *

Сақтандыру полисін екі ұлға да, тау шаңғысы спортын жақсы көретін Айша әпкелеріне де рәсімдеді.



ЖАС ҚАРЖЫГЕРДІҢ ҚОЙЫН ДӘПТЕРІ

Сақтандыру – адамдарды және олардың мүлкін ықтимал тәуекелдер мен қауіп-қатерден қорғайтын, сақтандыру компаниясымен жасалған арнайы шарт. Сақтандыру оқиғасы болмаған жағдайда бұрын салынған ақша сақтандыру компаниясында қалады. Сақтандыру төлемі әдетте сақтандыру жарнасынан анағұрлым көп болады.

Қазақша «сақтандыру» деген сөз «сақтау» дегеннен шыққан. Орыс тілінде «страхование» сөзінің шығу тегі «қорқыныш» деген түбір сөзге тіреледі. Ағылшынша insurance сөзі латынның securus – қауіпсіз деген сөзінен шыққан. Бастапқы мағынасында insurance дегенді тікелей «сенімділік» деп аударуға болады.

БАЛАЛАРДЫҢ ОЙЫН БӨЛМЕСІ

АЛТЫН МОНЕТА

КОМИКС-САБАҚ
Сақтандыру шартын қалай жасауға болады?

1. Сақтандыру компаниясымен келісім жасамас бұрын, ата-аналар шарттармен танысып, содан кейін ғана шешім қабылдағаны жөн.

2. Банкке немесе сақтандыру компаниясына қоңырау шалып, өтініш қалдыру керек. Сақтандыру туралы өтінімді толтырасыз.

3. Алғашқы жарнаны төлеу, содан кейін алдын ала келісілген соманы тұрақты түрде аудару.

4. Егер сақтандыру оқиғасы бола қалса, сақтандыру ұйымына қажетті бүкіл құжат тапсырылғаннан кейін он жұмыс күні ішінде ақша төленуге тиіс.

ШЫТЫРМАН ОЙЫН
Сақтандырылған өмір

Бұл ерекше шытырман оқиғалы ойында барлық кедергіні еңсеріп, мәреге бірінші жеткен адам жеңімпаз болады.

Бұл үшін саған фишкалар – тиындар және ермексаздан жасауға болатын ойын текшесі, ойын кезінде алынған «сақтандыру полистерін» жазуға арналған қалам мен қағаз қажет.

ОЙЫН ЕРЕЖЕСІ

Сары шеңбер түсті ме? Сенің жолың болды – болашақта қиын жағдайдан шығуға көмектесетін «сақтандыру полисің» бар.

Егер сұр түсті үшбұрышқа тап болсаң – демек, саған қауіп төніп тұр. Бірақ егер сенде ақшасы төленген қосымша сақтандыру полисі бар болса, қауіпті жерден қорықпай секіріп өтуге болады. Ал егер «сақтандыру полистері» таусылған болса, ойынды басынан бастауға тура келеді.

Ольга ГУМИРОВА. Суретші Ирина ЛЕГОСТАЕВА. Аударған Дина ИМАМБАЙ

Ойласу

ҚЫЗЫНДЫ ҚОРЛАМА, ҰЛЫНДЫ ТӘРБИЕЛЕ!

Кейінгі кезде әлеуметтік желілерде зорлық-зомбылыққа қатысты ақпараттар мен видеолардан көз ашпай қалдық. Мейлі ауыл, қала болсын, бай, кедей отбасы болсын, агрессияның асқынып жатқанын ендігі жерде жасырып қала алмаймыз. Бұның бәрі заңды күшейтіп, әйелдерді қорғау керектігіне дәлел.

Тұрмыстағы зорлық-зомбылық туралы айтпауды таңдаған сайын, одан қашқақтаған сайын ұтыламыз. Өзіңе қиянат жасалған кезде одан құтылудың жолы жоқ деп ойлайсың. Бірақ, көмек әрқашан бар және әрқашан шығу жолы да бар. Әр әйел өзі үшін күрескен сайын мүмкін өзі соны байқамай, жария қылмай, барлық әйел үшін де күреседі.

«Не шаш үлгісі мынау еркекке ұқсап? Қыз балаға ұзын шаш жарасады»;

«Неге дауыстап күлесің, қыз балаға жат қылық»;

«Неге қыздар шошаңдап кешке көшеге шығады? Өзі дұрыс жерде жүрмей ме?».

Бұл қазіргі кезде қыздарға жиі айтылатын сын. Алайда, қарсы жыныс өкілдері «шабуыл» жасамаса, қыздар бұл тақырыпта сөз қозғап, қорғанбас едік қой. Қорыққаннан емес, бақыттан жүрегіміз дүрсілдеуші еді. Әйел сенікі болса, оны ұрып, өлтіруге дейін баруға болады деген сөз емес. Ер азаматтар әйелді өзінің жеке меншік заты ретінде көруді қашан доғарады екен?! Әйел (қыз баласы) ең әуелі адам, дәл ерлер секілді. Қазақстан Республикасында ерлер мен әйел құқығы тең дәрежеде.

Мен әлі оқушы қызбын. Бірақ елімізде болып жатқан әйелдерге, қыздарға қатысты оқиғалардан қорқамын. Мен қызының болашағына алаңдамайтын қоғамнан қорқамын.

Сондықтан үлкен ағаларыма да, замандас бозбалаларға да үндеу айтқым келеді. Жігіттер, әйелмен күш сынасып ұсақталмайықшы! Физиологиялық тұрғыда бәрібір сіздер мықтысыздар.

Мен тұрмыстағы зорлық-зомбылыққа қарсымын! Қоғамда болып жатқан жағдайларға қарап, жаным жай тауып отыра алмадым. Салтанат Нүкенованың тағдыры менің немесе құрбымның, әпкесіңлімнің басынан өтпесіне кім кепіл?! Айналамда күйеуінен таяқ жеп, бірақ ештеңе болмағандай жүре беретін келіншектер қаншама?!

Қазақта «қызға қырық үйден тыйым» дейтін ұғым бар. Алайда, бұл қызға қырық үйден тыйым салып, жәбір көрсету керек дегенді білдірмейді. Керісінше, қызға қырық үйден қамқор болуды білдірсе керек.

Қазақтың дана халық екеніне дау жоқ. Дегенмен, «Бала – белде, қатын – жолда» деген мәтелі ұнамайды. Бұл мәтелді мына заманда айту өте ұят. Ұл күтіп, орнына қыз туу ата-ана үшін бір қорқынышты дүние іспетті. Сол қорқынышын басамын деп немесе ырымдап «ұлды болсам» деген үмітін үкілеп жатады. Тәтті үміттің жетегінде жүріп, өзін алдайды. Қыз дүниеге келгенде Ұлжан, Ұлбала, Ұлболсын, Ұлтуар, Ұлмекен секілді ат қою қызға қырын қараудың белгісі емес пе?! Ұл қалап тұрсаң, Алладан сұра. Бірақ, сенің арманыңның азабын неге қызың тартуы керек?! Оның не кінәсі бар?! Мұндай есімдер арқылы қызды керексіз зат секілді қалдырғандай болмаймыз ба? Ұлды әспеттей беретін қоғамда қыздарда іштей арпалыс басталатынын мамандар айтып жүр. Күресу, дәлелдеу, жеңу... Ата-анамен, әлеммен, жүйемен, табиғи болмысымен, нәзіктігімен күрес. Құдаймен де күрес. «Мен ұлдан кем емеспін, тіпті одан да мықтымын» деген жанайқай. Күрессе, жеңсе, дәлелдесе ғана өмір сүруге рұқсат алғандай болмай ма... Сонда өзі ашқан соғысынан жеңілетін – қыздың өзі.

Айтайын дегенім, қызыңды қорлама, әуелі ұлыңды тәрбиеле.

Гүлзина ОРЫНБАСАР,
10-сынып оқушысы
Түркістан облысы
Созақ ауданы
Қарақұр ауылы

ҮНДЕМЕЙ ҚАЛМА...

Зорлық-зомбылық дегеніміз – адамға физикалық және психи-калық тұрғыдан зиян келтіру. Зорлық-зомбылық әрекеттері адамның денсаулығына қауіп төндіріп, оның өмірге деген көзқарасын түбегейлі өзгертеді.Менің ойымша, қазіргі заманда балалар арасында зорлық-зомбылық мәселесі кең етек алды. Осындай жағдай қаншама баланың өз-өзіне қол жұмсауына, психикасының бұзылуына, қоғаммен байланысының үзілуіне әкеліп жатыр. Бұл мәселенің түпкі тамыры қайда жатыр? Өмірге ешкім қатыгез, жаман адам болып келмейтіні хақ. Бірақ, ата-ананың балаға дұрыс тәлім-тәрбие бермеуі, балаға кішкентайынан зорлық-зомбылық көрсету мен баланың жүрген ортасына жіті назар аудармаудың кесірінен түрлі мәселе туындайды.

Қазақ халқы «Тәрбие тал бесіктен басталады» деп бекер айтпаса керек. Зорлық-зомбылық әрекеттеріне баратын балалардың басым көпшілігі қатыгез, ашкөз, қара басының қамын ойлайтын өзімшіл, мейірімсіз болып келеді. Неге? Білесіздер ме, кейбір жағдайда ата-ананың өмірге деген көзқарасының дұрыс болмауынан және баласын ұрып-соғып, зәбір көрсетуінен де қатыгез, мейірімсіз ұрпақ өсіп-жетіледі. Ата-ананың тәтті мейірімін, жылы алақанын, ыстық құшағын, терең махаб-батын көрудің орнына, тек зәбір көріп өскен бала болашақта қандай болмақ? Әрбір ата-ана баласына ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін үйретіп, онымен жиі әңгімелесіп, бірге қызықты уақыт өткізіп, баласының араласатын достарының қандай екенін зерттей білуі қажет.

Жүсіпбек Аймауытов атамыздың 1918 жылы «Абай» журналына жазған мақаласында былай делінген: «Тәрбиеге әсер беретін нәрсе – өскен орта, ата-ананың тәрбиесі. Соңғысы күшті болмаса, бара-бара адамды замандас, жолдастың азғырып не түрлі жаман мінезді жұқтыратыны белгілі». Балаға берілген тәрбие мықты болса, өскелең ұрпағымыздың да мықты болатынына күмәнім жоқ.

Зорлық-зомбылыққа бару себебі әртүрлі. Дегенмен, барлығының түптамыры тәрбиеге келіп тіреледі.

Зорлық-зомбылықсыз әлемді құрудың негізгі бес жолы бар:

Біріншісі – ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту.

Екіншісі – әлеуметтік желілердегі зорлық-зомбылыққа итермелейтін ойындар мен шығарылымдардың көрсетілуіне шектеу қою.

Үшіншісі – айына бір рет әрбір отбасы білікті психолог мамандардың сабағына қатысу.

Төртіншісі – зорлық-зомбылық көрсетілуі мүмкін мекемелерде арнайы дәрістерді жиі өткізу.

Бесінші – баланың бос уақытының тиімді өтуіне жағдай жасау.

Мұқағали Мақатаевтың күнделігіндегі: «Сүйікті балаларым менің! Ақылсыз болмаңдар! Өмір тола қауіп, абай болыңдар! Өмірдің әрбір құбылысына байыппен, ақылмен қараңдар! Жөні жоқ мейірбан, жұмсақ болмаңдар. Өмір барда жауыздық та бар. Мейірбандықпен, жұмсақтықпен жауыздықты жеңуге болмайды. Бір сөзбен айтқанда, сүйе де, жек көре де біліңдер, бірақ әрқашан адам қалыптарында қалыңдар! Әрдайым сақ болып, әрдайым өздеріңді бағалай біліңдер!» – деген сөздерін қаперлеріңде жақсы сақтаңдар!

Замандастарыма айтарым, ешкімге зорлық көрсетпей, дұрыс жолмен жүріңдер. Өйткені, сенің көрсеткен зорлық әрекеттерің жәбірленушінің бүкіл өмірінің астаң-кестеңін шығарып, оның өз өмірімен мәңгілікке қоштасуына әкеліп, ешқашан жазылмас жара қалдыруы әбден мүмкін. Бір ғана ойланбай жасаған әрекетіңнің нәтижесінде өзіңнің ғана емес, өзгелердің де өмірін құртып, ауыр күнәға батасың. Мұндай қылмыс пен күнәдан бойыңды аулақ ұста! Егер достарыңнан немесе ата-анаңнан, жақындарыңнан, мұғалімдеріңнен зорлық-зомбылық көріп жүрген болсаң, үндемей қалушы болма! Осындай жағдайға тап болсаң, құқық қорғау органдарына хабар бер немесе өзге адамдардың көмегіне жүгін. Тек үндемей қалма! Біз сені қашанда қолдауға дайынбыз. Сен бізге қажетсің! Қане, досым, зорлық-зомбылықпен бірге күресейік!

ЗОРЛЫҚ НЕМЕСЕ ҚЫСЫМ КӨРГЕН ЖАҒДАЙДА СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫНА – 150 НӨМІРІНЕ ТЕЛЕФОН СОҒУҒА БОЛАДЫ. МҰНДА ТӘУЛІК БОЙЫ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛДЕРІНДЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ.

Диана АҒЗАМОВА,
11-сынып оқушысы
Семей қаласы

ГЕНДЕРЛІК ИДЕНТИФИКАЦИЯ НЕГЕ БӘРІНДЕ БІРДЕЙ ЕМЕС?

Гендерлік көрініс дегеніміз – әйелдер мен ерлердің өзін ұстауы, киінуі, жүріс-тұрысы, т.б. Ал гендерлік идентификация – олардың биологиялық емес, әлеуметтік рөлі. Қарапайым тілмен айтсақ, гендерлік идентификация – адамның қыз мінезді немесе ер мінезді болуы. Қазір мақсатшыл, батыл, салмақты қыздардың жігіттерге қарағанда басым екені байқалады. Отбасының, бауырларының жауапкершілігін мойнына алған қыздар да аз емес. Бәлкім, ондай жігіттер де көп шығар. Мүмкін олар ішінде не болып жатқанын, не істеп жүргенін білдірмейтін болар. Сәті түсіп, психологтан ер мен қыз мінезінің қалыптасуы, ондағы өзгерістер туралы сұрақтарға жауап алдық. Зарина Елбаева – отбасы және бала психологы, PhD доктор, профессор:

– Гендерлік идентификация, оның шатасуы, мінездің қалыптасуы – XXI ғасырдағы адамзаттың тұлғалық дамуындағы өте маңызды тақырып. Гендерлік идентификацияны гендерлік психология, адамның гендерлік дамуы, биология және физиология ғылымдары да зерттейді. Ал біз қазір бұл тақырыпты тек психологиялық тұрғыдан талдаймыз. Қыздардың ер мінезді болуы, нәзік бола алмауы, ал жігіттердің керісінше қыз мінезді болуы қыз-жігіттердің бәріне бірдей қатысты емес екенін ескерген жөн. Демек, біз бүкіл адамзат туралы емес, белгілі бір топ жайында сөз қозғаймыз.

Жалпы, XXI ғасыр несімен ерекшеленді? Технологияның дамуы, ақпараттың көптігі адамның өз потенциалын мейлінше көп қолдануына, өзіне қажетті кейіпте болуына, өзін-өзі түсінуіне жағдай жасады. Қорғаныс механизмі тұрғысында балалар ұлға немесе қызға ұқсайтын іс-әрекеттер істеп, сондай кейіп танытады. Неге? Біріншіден, модель. Бала белгілі бір қалыпты үлгі ретінде көре алмайды. Сондықтан өзі көрген қалыпты қолданады. Қазір жалғызбасты аналар немесе жалғызбасты әкелер көп. Сәйкесінше, мұнда тек ананың моделі яки әкенің моделі бар да, екінші қалып жоқ. Бала белгілі бір жасынан бастап, бір-ақ үлгіні көреді. Оны бейсаналы деңгейде қабылдайды және есейгенде соны бейсаналы түрде трансляциялайды.

Мысал ретінде анасы жалғызбасты қыз баланы алайық. Әрине, бұл жағдайда ананың материалдық міндеттері моральдық міндеттерінен жоғары тұрады. Сәйкесінше қыз бала жауапкершіліктің бәрін өз мойнына алған әйел моделін көреді. Қыз бала бұдан қашса да, осы үлгіні ұстану ықтималдығы өте жоғары. Себебі «осындай болса ғана жетемін, жеткіземін» деген ой бейсаналы деңгейде орнығып алады. Екінші мысалда жалғызбасты ананың ұлын қарастырайық. Бұл жағдай күрделірек. Психолог ғалым Фрейд теориясына сәйкес, балада үш жастан бастап анасына деген ерекше сүйіспеншілік артады. Анасын құшақтап, айналсоқтап қасынан кетпей, анасымен физикалық байланысқа талпынады. Ал қыздарда мұндай талпыныс әкесіне болады. Осы тұста әкенің немесе ананың болмауы баланың өзіндік идентификациясына кері әсер етеді. Ана ұлының сезімталдығын, жабысуын, еркелігін көрген кезде «не болды, бұл дұрыс емес, есейгенде осындай болып қалмаса екен» деп, жайсыздық сезінеді. Өйткені көпшілікте «ұл кішкентайынан ер мінезді болу керек» деген қате түсінік қалыптасқан. Осылайша, ұл бала әйел адамнан, яғни анасынан өзіне қажетті махаббатты ала алмайды. Алғашқы махаббатында осындай салқындық болғаннан кейін, есейе келе жылулықты, қолдауды жігіттерден іздейді. Бұл жағдай толыққанды отбасында да болады. Кейбір отбасыларда ана мен әке рөлі ауысып кетеді. Байқасаңыз, идентификация осы жастың өзінде өзгеріске ұшырайды. Ал ержетіп, бойжеткен шақта адамның іс-әрекеті сол балалық шақпен тікелей байланыста болады.

Психолог ғалым Эльконин баланың даму кезеңдерін зерттеген. Ол еңбегінде: «Үш жастан алты жасқа дейін бастама көтерген баланы қолдау керек. Қолдау көрген бала бастамашыл болады да, қолдамасаңыз тұйық болып өседі», – дейді. Байқасаңыздар, кішкентай балалар «мен өзім» дейді. «Үйшікті өзім құрастырамын, мәшинені өзім айдаймын, өзім, өзім». Осы жерде тағы да ата-ана, тәрбиеші, мұғалімдердің әсері болады: «Сен қызсың ғой, саған мәшинемен емес, қуыршақпен ойнау керек». Баланың «мен осымен ойнағым келеді» деген ниеті басылды да, миға өзге нәрсемен айналысу керектігі туралы белгі берілді. Осындай басу, сыртқы әсер адамның өзін түсінбеуіне әкеледі. Адам өзін түсінбегеннен бастап, мейлі неше жаста болса да, «қолайлы» адамға айнала бастайды. Мысалы, «сен қызсың ғой, қуыршақпен ойна» дегенді естіп, өз бастамасы жүзеге аспаған қыз өскенде біліп тұрса да, қалауын істемейді. Өйткені менің қалауым анаған, мынаған ұнамайды деген ой тұрады. Қыз бала нәзік, сыпайы, сүйкімді, ерке болуы керек, мен сондай қыз болуым керек деп үнемі тырысады, күрес үстінде болады. Ал үздіксіз тырысу күйзеліске әкеледі. Күйзелісте жүрген адам қайдан жайлы, жайсаң болады? Ондай адам көп нәрсені бақылауда ұстағысы келеді, ұсақ-түйекке бас қатырады. Бірақ не үшін екенін түсінбейді.

Қыз баланың ер мінезді болуы немесе ұлдардың қыз мінезді болуының үш себебі бар. Біріншісі – балалық шағында тұтастық болмауы, екі модель түгел болмай, отбасындағы үлгіні өзіне көшіруі. Екіншісі – бала үшін маңызды адамдардың балаға белгілі бір портреттерді, образдарды міндеттеуі. «Қазіргі кезде мықты болу керек, қоғам мынадай адамды бағалайды» деген сынды таптаурын түсініктер мен ұстанымдарды баланың санасына орнату. Мұндай орныққан ойлар баланың болашағына, іс-әрекетіне, таңдауына әсер етпей қоймайды. Үшінші себеп – адамның жүйке жүйесі мен ми нейрондарының жұмысы. Бұл балалық шақта не болғанына қарамастан, анасының немесе әкесінің моделін өзіне көшірместен, өз кейпін, мінезін реттей алатын, реттей алған қыздар мен жігіттер туралы.

– Ал өзінің болмысына көңілі толмайтын жасөспірімдер не істеуі керек? Психологқа жүгінуден басқа амал бар ма?

– Мысалмен түсіндірейін. Қыз бала болса, өзін дөрекі, қопал деп санаса, алдымен «дөрекілік деген не?» деген сұраққа жауап іздесін. Дөрекілік – бетке айту, дұрыс жауап бермеу, қағып өту, айғайлап сөйлеу делік. Келесі сұрақтар: Бетке айту дөрекілік пе? Мен қағып өтемін бе? Мынау мен туралы ма? Жауап «иә» немесе «жоқ» болуы керек. Жеткіншек ой тоқтатып, ой елегінен өткізу арқылы өзі проблема санап жүрген мәселелерге талдау жасай алады. Негізі 14-15 жыл бойы қалыптасқан ұстанымдарды өзгерту аз уақыт алмайды.

– Көп нәрсе балалық шақта жатыр дедік. Алайда, кім болса да мәселені балалық шақтан іздейді деп ойламаймын. Тіпті бұл ойға да келмейді. Әрі шүкірлік деген бар.

– Психологияда шүкірлік маңызды. «Ата-анам болды, шүкір» дегеннің артында «Мүмкін ата-анам маған ең жақсыны бермеген шығар, бірақ қолынан келгенін істеді» деген саналы ой жатса, тіпті тамаша! Мұндай шүкірлігі бар жеткіншек бейсаналы қалыптасқан ұстанымдарын жібере алады.

– Әңгімеңізге рақмет!

P.S. Бүгінгі әңгіме біреуге болмаса біреуге өз мінезінің, ұстанымдарының қайдан пайда болғанына ой жүгіртуге, анализ жасауға түртпі болар деген сенімдеміз. Ата-аналар да түртіп алатын ақпарат бар.

Жазира БЕКБОЛАТОВА

Талаптың мініп тұлпарын

НҰРӘЛИ– ШАХМАТТАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ КҮМІС ЖҮЛДЕГЕРІ

Шахмат – ақыл-ойды дамытатын ойын. Сезіну, шапшаңдық, шыдамдылық және аналитикалық ойлау, өзі үшін күресе білумен қатар, логикалық ойлау қабілетінің дамуына зор ықпал етеді.

Нұрәли Нұршин бес жасынан бастап шахматпен айналысады. Қазір жеті жаста. Қарапайым, салмақты балақай Ақтөбе қаласында тұрады. Ә.Ермеков атындағы №23 мектеп-лицейдің 2 «В» сыныбында оқиды. Оқуда озат, мектепте де белсенді. Қазан айында өткен республикалық «Зерде» шығармашылық жобалар мен зерттеулер байқауының қалалық кезеңінде шахмат тақырыбындағы жобасын қорғап, 3-орын алды. Грекияда сәуір айының соңында шахматтан оқушылар арасындағы әлем чемпионаты өткен болатын. Сонда Нұрәли күміс жүлдегер атанды. Шахматшы балақаймен және оның анасымен әңгімелесуді жөн көрдім.

Үйдегілер бұл жай ғана хобби болар деп ойлағанымен, жас шахматшы талантын танытып, тобындағылардың бәрін жеңе бастаған екен.

– Екі жарым жасында үйге шахмат тақтасын алып қойдық. Сол шахматпен ойыншық ретінде ойнап жүріп, беске жақындағанда үйретіндерші деп бізге күнде айтатын. Басында әкесі бастап үйретті, содан соң өзі шахмат үйірмесіне барғысы келді. Екі жыл бұрын шахмат мектебіне баруды бастады. Үйде әкесі, атасы шахмат ойнайды, бірақ олар әуесқой ойыншылар, – дейді анасы.

Нұрәлидің арманы – халықаралық гроссмейстер және әлем чемпионы болу. Шахматтан тыс арманына келетін болсақ, көп саяхаттау. Әлемдегі барлық елді дерлік біледі, картадан қарап, сол барғысы келетін елдерін зерттеп, көрсетіп жүреді.

– Грекияға бару ойда жоқ еді. Биылғы қаңтар айында Нұрәлидің жаттықтырушысы бізді кездесуге шақырып, Грекияда өтетін әлем чемпионатына қатысуды ұсынды. Нұрәли алты жасында облыс чемпионы болды, өзінен үлкен адамдарды жеңіп жүрді. Бірақ біз ондай әлемдік деңгейдегі жарыстарға қатысуға ерте деп жүрген болатынбыз. Оның үстіне, Ақтөбеде шахмат деңгейі төмен. Алматы, Астана қалаларында бұл спорт түрі жақсы дамыған, шахмат академияларындағы жаттықтырушылар да, балалар да жоғары деңгейде. Соны да ойладық. Бірақ Нұрәлидің қабілетін, ойын деңгейін жаттықтырушы ретінде білгесін, біз ол кісіге сендік. Сөйтіп жарысқа қатысуға тіркелдік. Мектеп оқушылары арасындағы Әлем чемпионаты жылына бір рет өтеді. Биыл Грекияда өтті.

Әлем чемпионатына 500-ден астам бала қатысты. Бразилиядан, Канададан, Еуропадан келді, қазақ балалары да болды. Чемпионат 9 күнге созылды. Регламент бойынша күніне бір ғана ойын ойнауға болатын. Бір ойын төрт сағатқа дейін созылды, Нұрәли орта есеппен 3-4 сағат ойнады. Мен мұндай шыдамдылыққа таңғалдым, ол жылдам шахматты жақсы көреді, ал әлем чемпионаттарында олар классиканы ойнайды. Біз шахмат ойнауды жалғастырамыз. Шеберлік деңгейін арттыру үшін үнемі басқа қалалар мен елдерге бару керек, бұған турнирлерге қатыспай қол жеткізу мүмкін емес.

Нұрәлидің барлық жаттықтырушысына, ата-әжелеріне, мектептегі ұстаздарына қолдау көрсеткені үшін алғыс білдіреміз. Шахматпен айналысатын немесе айналысқысы келіп жүрген балаларға сәттілік тілейміз. Шахмат – өте пайдалы, адамның миының дамуына жақсы ықпал ететін интеллектуал спорт. Сондықтан шахматпен айналысайық, елімізде интеллектуал ұрпақтың көбеюіне септігімізді тигізейік, – дейді Индира Нұршина.

Диана ӘДІЛХАН,
М.Құрманғалиева атындағы
№32 гимназияның
11-сынып оқушысы
Ақтөбе қаласы

Ойласу

Ұлжан БИДӘУЛЕТ
№54 орта мектептің
9 «Г» сынып оқушысы
Тараз қаласы

МӘҢГҮРТТІҢ КІМ ЕКЕНІН БІЛЕСІҢ БЕ?

Бұл дүниеде есіңнен бұрын есіміңді, еліңді, жеріңді, әке-шешеңді жоғалту – ең ауыр қасірет. Бұл қасіреттің зардабын қатты шегетін – ата-ана. Осындайды басынан өткізген Найман ана туралы аңызды бірі біліп, бірі біле бермейді. Бұл аңыз Шыңғыс Айтматовтың «Боранды бекет» романында өрбиді. Мәңгүрт туралы оқиға Ана-Бейіттің тарихын баяндаумен басталады және ол оқыған адамның жүрегін бір сәтке дір еткізері анық.

Аңыз бойынша, өткен ғасырларда жуандар Сарыөзек даласын басып алып, сол маңдағы тұрғындарға күн көрсетпей, өз тұрақтарынан шырқырата қуған екен. Олардың мақсаты – адамдарды құлдыққа алып, байлығын тартып алу ғана емес, сол жерде біржолата тұрақтану еді. Алайда, тұрғындар бұл бассыздыққа келіспей, қалайда болсын жеріне қайта оралуды мақсат тұтып, соғыстан да тайсалмады. Осындай соғыстардың бірінде Сарыөзекте туып-өскен жас бала жуандардың қолына түсіп қалады. Олар құлдарын сәті келсе сатып жіберетін болған, бұл құлдар үшін ең сәтті жол еді. Ал жуандардың қолындағы құлдар нағыз тозақты басынан кешіретін болған. Солардың ішіндегі ең сорақысы – адамның есін жоғалту еді және мұны олар ең жауыз жолмен істеген. Әуелі олар құлдың шашын бір қылшық қалдырмай алып тастайтын болған. Содан соң түйені сойып, оның ең қалың деген төстік көнтерісін кесіп алып, құлдың басын қаптап қояды екен. Басына кепеш қапталған құлдың мойнына ағаш мойынтұрық кигізіп, шақшиған күннің астына бірнеше күнге жібереді. Нағыз тозақ осында басталады. Басындағы тері қысып, онымен қоса шыжғырған күннің астында құл әбден қиналады. Енді олардың тақырлап алып тастаған шашы өсе бастайды да, шығатын жер таппай, ішке қарай өсіп, жанын әбден қинайды. Мұндайдан бес-алтаудан бір-екеуі ғана тірі қалады екен. Енді бостандыққа, Отанына ұмтылатын құлдың орнына, бостандық түгілі өзінің есімін білмейтін ессіз мәңгүрт пайда болады. Олар иесінің айтқанын бұлжытпай орындайтын, тамақ пен ұйқыны ғана талап ететін қызметшіге айналады. Ең қызығы, жуандар үшін бір мәңгүрт бес құлға тең болған және олардың өлімі үлкен шығынға есептелген.

Міне, мәңгүрт сөзінің мағынасы осындай. Өзін, тілін, дінін, елін, туғандарын, тарихын ұмытқан, білмейтін адам. Бұл сөз қазіргі кезде де қолданылады. Өкінішке қарай, өзін білсе де елін, тілін, дінін, тарихын білмейтін адамдар көп және сондай адамдарды мәңгүртке теңеген. Мәңгүрттің күйін кешпейік, замандас!

ҰЛАН

Меншік иесі
«ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ

Бас директордың орынбасары – Алматы басылымдарының жетекшісі
Думан АНАШ

Бас редактор
Жадыра НАРМАХАНОВА

Газет 6 жастан жоғары балаларға арналған

Бас редактордың орынбасары
Жұлдыз ӘБДІЛДА

Жауапты хатшы
Гүлфарида ЗЕЙНУЛЛИНА

Корректор
Сәуле ҮКЕНОВА

Көркемдеуші-дизайнер
Дария ТАЛАПОВА

Тел. 8 (727) 220-76-41

E-mail: npulan@mail.ru

Редакция алқасы
Алма ҮМБЕТТЕГІ
Байбота ҚОШЫМ-НОҒАЙ

Тілшілер
Нұрлыхан ЖҰМАХАН
Жазира БЕКБОЛАТОВА

Нөмірдің кезекшісі
Жадыра НАРМАХАНОВА

Газет келмей қалған жағдайда мына нөмірлерге хабарласыңыздар:
8(727) 2598899 (20318,20018),
8 707 333 71 45,
8 747 339 87 38

@balamendana

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарияланған суреттердің сапасына редакция жауап береді.

Редакцияға түскен қолжазба авторға қайтарылмайды.

«Ұланда» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

Мекен-жайымыз:
050010, Алматы қаласы, Абылайхан даңғылы, 58 а, 515-бөлме.

www. ulan.kazgazeta.kz

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде 15.03.2006ж. тіркеліп, №7026-Г куәлігі берілді.

Газет аптасына бір рет шығады.
Тапсырыс №1925-48
Көлемі 2 баспа табақ.
Индексі – 65355

Газет **АҚ «Алматы Болашақ»** баспаханасында басылды.
Алматы қаласы,
С. Мұқанов көшесі, 223 В
тел: 8 (727) 378-40-10

ТАРАЛЫМЫ – 3319